Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 29 желтоқсан №4712-23-00-2/4162 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Утеева Айгул Аюдимуратовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер Өскенбаев Өтебай Әбішұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Утеева Айгул Аюдимуратовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Утеева Айгул Аюдимуратовнадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А. Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 26.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2024, судья Борашева А. А., 09.02.2024

4712-23-3-1/4117

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2024 жылғы 6 қараша №4712-23-00-2/4162 іс Ақтау қаласы

Маңыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер Утеева Айгул Абдимуратовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы азаматтық іс құжаттарын қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Маңыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 29 желтоқсан 2023 жылғы шешімімен талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер Утеева Айгул Абдимуратовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылған.

Жеке кәсіпкер Утеева Айгул Аюдимуратовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылған.

Жеке кәсіпкер Утеева Айгул Аюдимуратовнадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Алайда, шешімді дайындау барысында шешімнің бүкіл мәтін бойынша жауапкердің аты жөні «Утеева Айгул Аюдимуратовна» қате кеткен.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Бірақ, осы баптың 2-бөлігіне сәйкес, сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Сотқа "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шешімдегі қәтені түзету туралы арызбен жүгінген.

Осыған орай сот шешімде жіберлеген қатені түзету қажет деп табады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабын, 268-269 баптарын, басшылыққа алып, сот

Ұ Й Ғ А Р Ы М Е Т Т І:

Арызданушының 29 желтоқсан 2023 жылғы сот шешіміндегі қатені түзету туралы арызы–қанағаттандырылсын.

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер жеке кәсіпкер Утеева Айгул Абдимуратовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы азаматтық іс бойынша 29 желтоқсан 2023 жылғы сот шешіміне түзету еңгізілсін.

Шешіміндегі бүкіл мәтін бойынша жауапкер «Утеева Айгул Аюдимуратовна» деген орнына жауапкер «Утеева Айгул Абдимуратовна» деп көрсетілсін.

Ұйғарымға тараптар, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотына жеке шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 16.11.2024

4712-23-3-1/4117